Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 наурыздағы N 145 қаулысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 384 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1263 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1.»"Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурстар өткізу жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 наурыздағы N 145 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен құрылған жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Баталов Асқар Болатұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің жауапты хатшысы, төрағаның орынбасары

Әлкеев Құралбай Нұсқабайұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық даму комитетінің Өндеу және тау-кен өнеркәсібі басқармасы бастығының міндетін атқарушы

мына жолдарда:

"Өжкенов Болат Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары"

", төрағаның орынбасары" деген сөздер алынып тасталсын;

"Алдашев Рүстем Ағыбайұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Жер қойнауын пайдалануға тікелей инвестициялар департаменті жер қойнауын пайдалану құқығын беру басқармасының бастығы, хатшы"

"жер қойнауын пайдалану құқығын беру басқармасының бастығы" деген сөздер "директорының орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Шыналиев Ғазиз Қоршабекұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімі меңгерушісінің орынбасары"

"Өндірістік сала және инфрақұрылым" деген сөздер "Индустриялық-инновациялық даму" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Тәутеев Әуесбек Зпашұлы - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу департаментінің директоры"

"Экологиялық реттеу департаментінің директоры" деген сөздер "Экологиялық реттеу және бақылау комитеті төрағасының орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Жақыпов Ғалымжан Қойшыбайұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Салық саясаты және болжамдар департаменті жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу басқармасының бастығы"

"департаменті" деген сөзден кейін "Келісім-шарттарды сараптау және" деген сөздермен толықтырылсын;

"Сүйесінов Амантай Кемелұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мұнай өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары"

"Мұнай департаменті" деген сөздер "Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

Көрсетілген құрамнан Әбдіреев Батырбек Сейтенұлы және Сейітов Марат Жандарбекұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК